



ҚАБЫЛДАУ

2 Жаңа оқу жылының жаңалығы қандай?

ІЗГІЛІК

3 Көп алғысы кесегенді кегертеді

АТА ЗАН

4 Тұрақтылығымыздың алтын қазығы

ЖӘДІГЕР

8 Кітаптағы қолтаңба

● ПРЕЗИДЕНТ

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёвті туған күнімен құттықтап, жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Өзбекстан халқына бақ-береке тіледі.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентінің ғасырлар бойы қалыптасқан достыққа, бауырластыққа және тату көршілікке негізделген екі жақты стратегиялық серіктестікті дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің қиын-қыстау кезеңде бір-бірін қолдағанын шынайы бауырластық қатынастардың үлгісі ретінде атап өтіп, гуманитарлық көмек көрсеткені үшін ризашылық білдірді.

Әңгімелесу сонында тараптар аймақтағы эпидемиологиялық ахуал жайында ақпарат алмастып, COVID-19 індетімен және оның салдарымен күрестегі іс-қимылдарды жалғастыра беруге ниетті екенін білдірді.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР АСҚАР МАМИНДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру және әлеуметтік-экономикалық даму туралы есебін тыңдады.

Асқар Маминнің айтуынша, еліміздегі коронавирус жұқтырғандардың саны 2,1 процентке төмендеген, ауруханалардағы індетке шалдыққан азаматтарға арналған жалпы төсек-орын 30,4 мыңнан 49,7 мыңға дейін көбейген, соның есебінен реанимациядағы орындарға қажеттілік 12 процентке, стационарда 25 процентке азайған. Сондай-ақ, COVID-19 індетінен жазылып шыққандар 63 процентке артып, жедел жәрдем шақыртушылар саны 31 процентке төмендеген.

Үкімет басшысы барлық өңірлердегі тұрақтандыру қоры қажетті дәрі-дәрмектер мен медициналық құрал-жабдықтармен толықтырылып, ауруханаларды өкпені жасанды желдету және оттегі концентраторларымен қамтамасыз ету жұмыстары жүріп жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, Асқар Мамин шектеу шаралары кезінде кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, жұмыспен қамту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер жөнінде айтты.

Мемлекет басшысы Премьер-Министрге аймақтарды, әсіресе, ауылдарды қажетті дәрі-дәрмектермен және медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді тапсырды. Президенттің айтуынша, пандемия кезінде және одан кейінгі уақытта Үкіметтің алдында экономиканың жоспарлы дамуын қамтамасыз етіп, азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру міндеті тұр. Қазіргі уақытта жаңа экономикалық бағытты әзірлеу жұмыстары жүріп жатыр. Ол Мемлекет басшының алдағы Жолдауының негізгі бөлігін құрайтын болады.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА:

«ЕМДЕЛУШІЛЕР ЕШТЕНЕДЕН ТАПШЫЛЫҚ КӨРМЕУІ КЕРЕК»

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен селекторлық режимде Сырдария, Шиели және Жаңақорған аудандарының эпидемиологиялық ахуалына қатысты мәжіліс өтті.

Жиында Сырдария ауданының әкімі Руслан Рүстемовтің індеттің алдын алу және таралуын болдырмау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндамасы тыңдалды. Ауданда COVID-19 инфекциясымен 156 науқас тіркеліп, 65 адам емделіп шықты. Қазір инфекциялық стационарда 27, үй жағдайында 1 науқас ем алууда. Пневмониямен 155 адам ауырып, 98 жазылып шықты.

Ауданда 80 төсек-орын бар. Ахуал күрделенсе, Шаған ауылдық ауруханасынан инфекциялық стационарға резервтік 30 орын, Аманкелді ауылдық ауруханасынан 20 орын, «Жалын» тынығу лагерінен 100 провизорлық төсек-орын ашу жолдары қарастырылуда.

Науқастарға ем алу үшін барлық жағдай жасалған. Ауданда өкпені жасанды желдететін 2 аппарат, 4 оттегі концентраторы, 50 оттегі баллоны бар. Демеушілер есебінен қосымша 50 оттегі баллонын алу жоспарланып отыр.

● САПАР

ЕКІЖАҚТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕСЕЛГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЯДЫ



Кеше ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуын қадағалау үшін арнайы жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді. Облыс әкімдігі ғимаратында өткен мәжілісте облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Әлия Әбдіқайымова эпидемиологиялық ахуал мен вирустың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралармен таныстырды.

Ол облыста 2541 адам инфекция жұқтырғанын, бүгінде оның 1663-і емделіп шыққанын айтты. Дәрі қорына қатысты қабылданған шаралар жайын тарқатып, індеттің таралмауына қажетті дәрі-дәрмектердің уақытылы жетуі және бағасының негізсіз көтерілуіне арнайы мониторингтік топ бақылауда ұстайтынын жеткізді.

– Облыс бойынша 328 дәріхана, дәріхана пункттері фармацевтикалық қызметпен айналысады. Оның 178-і Қызылорда қаласында орналасқан. Шілде айынан жұмысын бастаған арнайы мониторингтік топ қаладағы 9 емхана мен «СК-Фармация» ЖШС дәрілік қоймасына, 86 дәріханаға бақылау жүргізді. Соның нәтижесінде

аймақта дәріханалардағы ұзын-сонар кезек азайды. Вирусқа қарсы ыстықты түсіретін, қызуды басатын қажетті дәрі-дәрмектің қоры күн сайын жанартылып отыр. Дәріхана желілері күнделікті дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға тапсырыс беріп, сұранысқа сәйкес қажеттіліктерді қамтамасыз етуде. Бүгінгі күні дәрілік заттар қоры – 354 262 дана. Меропенем, С витамині, дексаметазон, зифуллин секілді препараттарға сұраныс көп, дәріханаларда оның аналогтары бар. Қалалық емханалар да нозология бойынша ДМӨМС жүйесінде амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттармен толықтырылды. Өкінішке қарай, мони-

торинг жүргізу барысында дәрілік заттарды заңсыз сатудың 26 дерегі анықталып отыр. Бұл әрекетке көбіне медицина саласының мамандары жол беруде. Заңсыз фармацевтикалық кәсіппен айналысқан тұлғаларға қатысты Өкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 424-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік қаралуда, – деді ол.

Облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері дәрі-дәрмектерді жоғары бағамен сатудың 12 дерегі анықталғанын айтты. Дәрілік заттарды белгіленген шекті бағадан асырып сатқандарға қатысты Өкімшілік құқық бұзушылық кодексіне жауапкершілік қаралған. Заңсыз дәрі-дәрмектерді сату деректері түпкілікті процессуалдық шешім қабылдау үшін облыс бойынша экономикалық тергеу департаментіне жолданды.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов өңірдегі жағдай мен қауіпсіздік шаралары туралы баяндама жасады. Жедел жәрдем шақырушылар саны азайғанын алға тартты. Мәселен, 7 шілдеде 1767 шақыру тіркелсе,

қазірде бұл көрсеткіш 1057-ге төмендеген.

– Бүгінде инфекция жұқтырған және оған күдікті науқастарға 2390 төсек-орын ұйымдастырылған. Оның 600-і инфекциялық, 1790-ы провизорлық төсек-орын. Жедел жәрдем шақыртушылар саны азайғанын баса айту керек. Осы жағдайға байланысты облыстық жұқпалы аурулар ауруханасынан бөлек, Тасбөет кентіндегі облыстық тубдиспансер инфекциялық аурухана етіп жасакталды. Соңғы талдама нәтижелеріне сәйкес біркәтар науқас ауруханадан үйіне шығарылмақ. Алғашында науқастардың тыныс алуы қиындауына байланысты өкпені жасанды желдету аппараттарының жетіспеуі белгілі болды. Бірақ, бұл мәселе облыс әкімінің қолдауымен, демеушілер көмегімен шешімін тауып келеді. Әлі де болса, 200-ден астам оттегі құрылғысы қажет. Мәліметке сүйенсек, тыныс алу жолдары аурулары 74 процентке, жедел-респираторлық вирусты инфекция 82,5 процентке, пневмония 60 процентке азайған, – деді Н.Байқадамов.

2-бет

● “ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ”

ТӘУЕЛСІЗДІК КӨШЕСІНІҢ КӨРКІ

Қызылорда қаласының батыс бөлігіндегі Ә.Мақұлбеков көшесін қиып өтетін төрт көше бар. Атаулары айбынды асқақтатып тұр: Республика, Ата Зан, Алтын Орда және Тәуелсіздік. Талай жыл түйіні тарқамай келген түйкіліктің бірі – Тәуелсіздік көшесі жол түскелі асфальт көрмеген. Осыдан он күнде бұрын көше асфальтталып, тұрғындардың қуанышты сәтіне куә болдық.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

Қатіра Сүндетова осы жерге қоныс тіккенде мұнда санаулы ғана үй бар еді. Белуардан батпақ, толарақтан саз кешіп, әбден әбгерге түскен. Қоғамдық көлікке орталық көшеге барып мінетін. Кейде дария жағалап келген сәттері көп. Қос аяқ киімнің ескісін киіп, жолға шыққасын жаңасына ауыстыратын. Бұл жердің батпағында талай жанның жүйкесі мен аяқ киімі тозды. Шілденің ортасында көшесі жөнделген жұртшылық жанайқайды естіген басшыларға алғысын білдірді.

– Талай қиындық көрді. Енді бәрі артта қалды. Балалар оқуға, үлкендер жұмысқа орен баратын, – дейді Қ.Сүндетова.

Сейтмұрат Теңізбаев та – осы көшенің талайдан бергі тұрғыны. Шағын ғана аумақ қазір бір қауым ел болды. Күрмеуі қиын мәселенің биыл шешілгеніне қуанышты. Дей тұрғанмен, Тәуелсіздік пен Алтын Орда көшесін жалғайтын қысқа тұйық көше бар. Не атауы жоқ, не асфальт төселмеген.

– Мына көшенің салынғанына қуаныштымыз. Талай жыл бейнет көрдік. Әйтсе де, жедел жәрдем шақырғанда қатты қиналамыз. Тәуелсіздік пен Алтын Орданың арасында 2-3 үй ғана бармыз. Құжатта «Рисмаш, Алтын Орда, нөмірсіз» болып жазылған. Қайда қарайтынымызды білмейміз. Жолы батпақ. Екі көшенің ортасында қалғанбыз. Ал электр желісі сол бағытқа қолдан орнатқан жінішке бағаналар. Табиғат тосын мінез таныға қалса, сөніп қалады. Ал мына Тәуелсіздік көшесінің бойындағы электр бағаналары заманауи, – дейді тұрғын.

– Үйді-үйге электр энергиясын өздері тартып алғандар бар. Тіпті оған шамалары келмей баяғы әдіспен отырғандар да көп. Мына бағананы орнатып беріп кетті, бірақ жалғаған жоқ. Құр тұрғанша, пайдаланайық. Сосын дайын бағананың үстіне көшені жарықтандыратын лампаларды орнатса дейміз. Балалар оқуға барып келгенде тас түнектің



Суретті түсірген Н.НУРЖАУЫЯ

арасынан оларды күтіп алып жүрміз. Ал мына жолды салғандар бізді көп бейнеттен арытқанын да айту керек, – дейді Жасакбай Сейтжанпаров.

Биыл жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа қаладағы 36 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Қазір оның кейбірі аяқталып, пайдалануға берілуде. Ал тағы біршамасында жұмыс қызу жүріп жатыр.

– Бірнеше жылдан бері бюджет мүмкіндігіне қарай Тәуелсіздік көшесі тұрғындарының жол мәселесі «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы аясында

шешімін тапты. Ұзындығы 630 метр болатын көшеге Қаратағай көшесінен Журба көшесіне дейін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеуді жүргізген «Ақнұр-Авто» ЖШС мекемесі және техникалық қадағалаушы «СтандартСтройСервис LTD» ЖШС мекемесі, – дейді қалалық автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінделгері.

Тақтайдай тегіс асфальтта велосипед тепкен балдырғандар мәресіре. Бірінен бірі озып, шат-шадыман көңілдерін көрсетіп тұр. Енді осындағы тұйық көшенің мәселесі шешіліп, көше жарықтандырылса, нұр үстіне нұр болар еді...

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

АУРУДЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢЕМІЗ?

Қазір жұқпалы індет белең алып тұр. Тұрғындар ауру белгілерін аңғарғаннан кейін дәрігер көмегіне жүгінуде.



3-бет

● МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

«ӨМІРГЕ ҚАЙТА КЕЛГЕНДЕЙМІН»

Наурыз айында елде төтенше жағдай жарияланып, вирус шықты дегенде үрке қорыққан жанның бірі едім. Дереве дәріханадан маска мен резеңке қолғап, антисептик, хлор сапып алып, сақтық шараларын бұлжытпай орындап жүрдім. Жұмыста жаным ешкімді жолатпай, оқшаулана беретінмін. «Неге қорқасыз, ондай вирус жоқ» дегендерге «олай демеңдер, бар, сақтану керек» деп шыр-пырым шығатын.

3-бет

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА:

«ЕМДЕЛУШІЛЕР ЕШТЕҢЕДЕН ТАПШЫЛЫҚ КӨРМЕУІ КЕРЕК»

Жалпы карантин жарияланған кезеңнен бастап аудан бойынша демеушілер мен еріктілер тарапынан аудандық аурухана мен елді мекендерге медициналық құралдар, дәрі-дәрмектер, азық-түлік түрінде 13,4 млн теңгенің көмегі көрсетілді. Аурудың таралуын шектеу үшін 12 мобильді, 3 мониторингтік топ құрылып, күнделікті кәсіпкерлік нысандарын және арнайы белгіленген аймақтарды аралап, санитарлық талаптардың сақталуына бақылау жасауда. Тұрғындар арасында отбасылық жындардан бас тарту туралы түсіндірме жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді.

Облыс әкімі инфекциялық орындарды көбейтуді және медицина мекемелерін қажетті аппараттар, дәрілік заттармен қамтамасыз етуді тапсырды.

– Инфекциялық стационарларды көбейтіңіздер. Емдеу мекемелерін оттегі концентраторы және оттегі баллондармен қамтамасыз етіңіздер. Дәрі-дәрмек қоры бақылауда болсын. Тұрғындарға қажетті дәрілік заттар дәріханаларда қолжетімді бағада болуы керек. Кәсіпкерлермен келісім жүргізіп, жеткізуді мәселесін қарастырыңыздар, – деді облыс әкімі.

Шиелі ауданының әкімі Камбарбек Мұбаракұлының айтуынша, ауданда 217 жағдай тіркеліп, 134 адам емделіп шыққан. Пневмониямен 555 адам ауырып, 189-ы жазылды. Қазір 40 инфекциялық, 100 провизорлық тосек-орын бар. Ахуал күрделенген жағдайда пайдалану үшін ескі аурухана ғимаратынан 50 тосек-орын дайындалған. Сонымен қатар, аграрлық колледж бен «Гезуба Шиелі Цемент» зауытының жатақханаларынан 200 тосек-орын ашуға мүмкіндік бар. Ауданда

1-бет.

өкпені жасанды желдететін 12 аппарат, 3 оттегі концентраторы, 159 оттегі баллоны бар. Демеушілер мен еріктілер аурухана мен елді мекендерге 4 млн 100 мың теңгенің көмегін көрсетті.

Одан бөлек, аудан әкімдігінің 5 қызметтік автокөлігі күнделікті жанар-жағар майымен қамтамасыз етіліп, аудандық ауруханаға көмек ретінде пайдалануға берілді. Ауданда 22 дәріхана бар. Барлығына күнделікті мониторинг жүргізілуде. Коронавирустың таралуын шектеу мақсатында әр елді мекеннен біреуден, кент орталығынан 5 мобильді топ құрылған. Мониторингтік топтар кәсіпкерлік нысандарын және арнайы белгіленген аймақтарды күнделікті аралайды. Санитарлық талаптардың сақталуына бақылау, жұртшылыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Өңір басшысы дәрі-дәрмек қорын уақытты толықтырып, қажет болған жағдайда пайдаланылатын стационарларда емделуге қолайлы жағдай жасауды тапсырды.

– Инфекциялық, провизорлық орындарда емделушілерге дұрыс жағдай жасалу керек. Қосымша рентген, өкпені жасанды желдету аппараттарын алуға жұмыс жасаңыздар. Оттегі концентраторын да көбейту керек. Дәрілік заттардың қоры жеткілікті болсын. Тұрғындар көпшілігі орындарда жиналмау керек, – деді облыс әкімі.

Жанакорған ауданының әкімі Сұлтан Мақашов индеттің алдын алу, таралуын болдырмауға атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, коронавирустың инфекциясымен барлығы 368 жағдай тіркелгенін айтты. Оның 285-і толық емделіп, жазылған. Осы кездегі жағдай бойынша аудандық стационарда 14, үй

жағдайында 64 адам ем алуға. Ал пневмониядан 1420 адам ауырып, 1194 адам жазылып шықты.

Аудандағы емдеу мекемелері бүгінде 11 дана ИВЛ аппараты, 9 дана оттегі концентраторы, 26 дана пульсоксиметр, 13 дана монитор құрылымы және 110 оттегі баллонымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпорын басшылары 740 дана кислород баллонын сатып алған.

Карантин жарияланғаннан бастап аудан бойынша демеушілер мен еріктілер тарапынан аудандық аурухана мен елді мекендерге 50 млн теңгенің көмегі көрсетілген. Оған медициналық құрал-жабдықтар, азық-түліктер мен 2 дана ИВЛ аппараты, 9 дана оттегі концентраторы алынған.

Мәжілісте аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова аудандағы дәріханалардың жұмысын бақылауға алу қажеттігін айтты. – Аудандағы барлық дәріханалардың жұмысын бақылауға алыңыздар. Дәрі-дәрмек тапшылығын болдырмау мақсатында дәріхана иелерінің де жауапкершілігін күшейту қажет. Олар жеке кәсіпкер болғанымен, пандемия кезінде өз міндеттерін мұлтіксіз атқаруы тиіс. Қажет болған жағдайда дәріхана иелерімен бірлесіп, ең керекті дәрілерді бірге тауып, ауданға жеткізіңіздер. Сондай-ақ, рентген аппараттарын істен шығып жатса, жедел жөндеуді қамтамасыз етіңіздер, – деді облыс әкімі.

Жиндыла аймақ басшысы Жанакорған ауданындағы провизорлық орталықтардың да қатарын арттыру керектігін айтты. Қазіргі таңда аудандағы провизорлық орталықтарда 160 орын бос тұр. Ахуал күрделенген жағдайда аудан орталығындағы денешынықтыру, спорт кешені ғимаратынан 100 орындық провизорлық орталық ашу көзделген.

● MEMЛЕКЕТТІК НАГРАДА ИЕГЕРІ



МЕЙІРІМНЕН ТАРАҒАН СӘУЛЕ

Адамның үмітін жалғап, жақсылықпен сәуле түсіру, жүзіндегі қуанышты көру – ең ғаламат сезім. Науқастың халін қадағалап, айлар бойы денсаулық күзетінде жүрген медицина мамандары мұны жақсы түсінеді.

Сb Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Нұргүл Мамбекова – сәуір-мамыр айларындағы карантин кезінде екі ай бойы үйіне қайтпай, уақытпен санаспай еңбек еткен мейірбике. Ол Қорқыт ата университетінің №5 жатақханасында науқастармен байланыста болған қала тұрғындарының жай-күйін бақылады. Сырқат белгісі бар жандарға дер кезінде қол ұшын созуы міндетті деп саналады. Кез келген сәтте оның да пациенттің жағдайын қайталап, индеттің ілмегіне ілінуі мүмкін еді. Өзімен сөйлескенімізде «Қанша жыл бойы осы салада жүрсем де, дәл мұндай жағдайды көрмедім. Жағдайды түсінгенде қолымнан келгенше көмек көрсетуге керек деп шештім. Адам жанын аршаларға жәрдемдесіп, батасын алудан асқан қандай бақыт бар» деген мейірбике күрделі мезетте жұмысын асқан жауапкершілікпен орындады.

Қарбаласқа толы екі ай өткен соң бір аптадан астам уақыт бұрынғы жұмыс режиміне көшкен еді. Алайда өткен айда көпбейінді қалалық аурухана провизорлық емдеу орны болып, пневмониямен ауырған науқастарды қабылдай бастады. Осылайша тағы да мейірбикенің үйіне қайтпай қызмет етуге тура келді. Жұырда Нұргүл Сәрсембайқызы Қазақстан Республикасының «Күрмет» грамотасымен марапатталды. Бұл – ешкім дауласа алмайтын, қызметін қалтқысыз атқарған маманға берілген лайықты марапат.

Нұргүл басқалар секілді медициналық оқу орнына түсіп, бірден еңбек жолын осы саладан бастамапты. 2003 жылдан қалалық аурухананың хирургия бөлімінде 10 жыл санитарка қызметін атқарады. Кәсіби білімі болмағанымен, науқасқа алғашқы көмек көрсету, дәрі егу сынды жұмыстарды мұлтіксіз орындайтын. Ниеттенген адамға мүмкіндік берілетін рас. Бала күнгі арманын орындауға бел буып, күндіз жұмыс істесе, кешке сабаққа барып, медициналық

колледжде төрт жыл білім алды. Мұнымен де тоқтап қалмай, жақында бакалавр дәрежесіне қол жеткізді. Адамдарға көмектесе алғанына шын қуанышпен Нұргүл Сәрсембайқызы алғашында мейірбике еді, кейіннен аға мейірбикенің қызметіне лайық деп танылды.

Мейірбике – дәрігер диагноз қойып, ем тағайындағанымен, науқастың көңіл-күйін бақылап, дәрі егіп, күтім жасап, шақырса бірінші жететін маман. Нұргүл таңертеңгі 5 минуттық жиналыстан соң тынымсыз қызметіне асығады. Жанары жаудырап, үміт пен күдік арасындағы сырқатты сабырға шақырып, аз уақытта қолдаушысына айналады.

– Мен қызмет ететін қалалық аурухананың травматология бөлімі 19 маусымнан бастап пневмония диагнозымен келген науқастарды қабылдай бастады. Алғашқы күні-ақ 20 науқас бірден келіп түсті. Жұмыстағы жауапкершіліктің салмағы да артты. Әр науқастың жазылып шығуы үшін бар ықпалымызбен жұмыс істейміз. Сондықтан міндетімізді де бөліп-жармай, көмек керек науқасқа дереу жетеміз. Пациенттер түрлі жағдайда келіп түседі. Тіпті аурудың белгісі байқалмайтын, бірақ рентген аппараттарымен қарағанда екі өкпесі де қабынған, пневмониямен ауырған сырқат болды. Қазір ол кісі жазылып, үйіне жіберілді.

– Бүгінде екі қызым да бойжетіп, бірі тұрмысқа шықса, бірі Алматыда жоғары оқу орнында білім алуға. Балалар есейгенін, осындай күрделі уақытта, кәсіби маман ретінде адамдарға көмектесуді парызым деп білемін. Ауруханадағы әрбір адам алғыс айтқан кезде толқып кетемін, үлкен кісілердің бата бергенінің өзі маған жеткілікті, жүректен жарып шыққан ізгі ниет ешнәрсенен өлшенбейді, – дейді мейірбике.

ЕЛ ЖАНАШЫРЛАРЫНА АЛҒЫС

Елімізде COVID-19 таралуының алдын алу бойынша шаралар қабылданды. Дағдарыс барлығымызға әсер етті. Қазір бүкіл қоғамның күш-жігерін біріктіру үшін, мейірімділік пен өзара көмек көрсету қажет. Уақытылы бір-бірімізді қолдау арқылы дағдарыстан шыға аламыз.

Осыған орай, елімізде болып жатқан ахуалға байланысты облыстық мәслихат депутаттары да көмек көрсетіп, барлығы 33 оттегі концентратор, атап айтар болсақ, Кенжебек Үіреков 12, Темірхан Кенжебаев 12, облыстық мәслихат хатшысы, депутат Қылышбай Бисенов 5, Темірхан Әлімқұлов 2, Әбдімәжит Жансақалов 2 құрылғысын алып берді.

Халық қалаулыларының демеушілігімен алынған оттегі концентраторының 12-сі Байқоныр көпсалалы

ауруханасына, 16-сы облыстық көпбейінді ауруханаға, 4-уі қалалық көпбейінді ауруханаға, 3-уі Арал аудандық ауруханасына, 3-уі Қазалы аудандық ауруханасына жеткізілді.

Сонымен қатар, депутаттар Расул Есенов 1 млн теңге, Бақдәулет Мақашев 3 млн теңге қаржылай көмек көрсетіп, облыс халқының индетпен күресуіне қол ұшын созды.

Халық қалаулыларының жанашырлығы ем алып жатқан жандарға үлкен демеу болды. Сондықтан қиын кезде елмен бірге болған облыстық мәслихат депутаттарына сайлаушылар ризашылық білдірді.

Алдағы уақытта осындай қайырымдылық шаралары жалғасын табады.

«СБ» ақпарат

● ІЗГІЛІК

КӨП АЛҒЫСЫ КӨСЕГЕНДІ КӨГЕРТЕДІ

Ел торықса, ерге сын. Иә, жай күнде барлығы батыр бола алар, алайда жайсыз күнде көптің жанынан табылғандардың ісі – шын бағалы. Қысыптың шақта көпке көмек қолын созып жатқан азаматтар жетерлік. Осындай қамыққанға қамқор, жабыққанға жанашыр болып жүрген жанның бірі – «Авто-Лидер Қызылорда» ЖШС директоры Нұрболат Ибраев. Ол темір жол ауруханасына миллион теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетіп, оған 2 оттегі концентраторын алып берді.

Расында, жұтым ауаға зар боп жатқан қаншама науқас бар қазір. Олар қауіпті индет қос өкпеден қысқанда, дүние түкке тұрғысыз болып қалатынын жан-тәнімен сезініп жатыр. Жалқының өмірі жалпыға қарады. Бірдің ісінде береке болмайтыны анық сезілді дәл осы сәтте. Көптің көмегімен ғана төсеке танылғандарды құтқаратынымыз белгілі болды. Қазір ауа беретін аппараттар тапшылығы сезіліп жатқанын жасыра алмаймыз. Бұл жайында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та жасырмай, мәселені тез арада шешуге пәрмен берді. Уақыт қазір бәрінен қымбат.

Себебі дем жұтпаған әр секунд индетке іліккендердің өмірін алып жатыр. Сондықтан ұлт болып ұйысып, жұрт боп жылымып қарекет ететін кез. Бұл – қоғам алдындағы, адам алдындағы міндетіміз. Осы жауапкершілікті сезінген қала тұрғындары қолынан келгенше жәрдем беріп жатыр.

Жаһан жамаан ауруға жұтылып жатқанда, азаматтығынан айнымаған жанашыр жандардың қамқорлығы ауадай қажет. Бүгінде Нұрболат секілді елге етене болып жүрген қайырымды жандар қол көмегін аймауда. Сонымен бірге қала

әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кәсіпкерлерге үндеу жасағанда үнсіз қалмай, ізгілікті іске астырған азаматтарымыз аз болған жоқ. Қала басшысының бастамасы жомарт жүрек жандардан қолдау тауып, нәтижесінде аз уақытта 41 миллион теңге жиналды. Оған емдеу мекемелеріне қажетті медициналық құрал-жабдықтар мен 48 оттегі концентраторы алынып отыр. Әрине, бұл – бірліктің арқасында біткен берекелі іс. Сауатты амал алдағы уақытта да жалғаса берсін.

Кейіпкерімізді көп адам таниғын болар. Себебі қашанда игі істің қасынан табылатын Нұрболат елге дегенде анып қалған емес. Жабыққан отбасылар мен жағдайы төмен жандарға жомарттық танытып, қоғам алдындағы қайырымды міндетінен айнымай келеді. Оны осы азаматтығы үшін де көп адам үлгі етеді. «Қайырымдылық жасаң, қайырымды өзін көресің» дейтін қазақ нақылын қағидат еткен азамат туған жер үшін тынбай тірлік етуге келгенде

тосылмайды.

– Елге қызмет – перзенттік парызымыз, – дейді ол. – Сондықтан біздің бұл бастамадан шет қалуымыз азаматтығымызға сын болар. Осы қоғамның бір мүшесі болғандықтан жауапкершілікті сезінуіміз қажет.

Бұл пікір, шындықта келгенде, қазір қай-қайсымызды да бейжай қалдырмауы керек. Біз тұтас қоғамның бір бөлшегі екенімізді барыныша сезіндік. Тек кәсіпкерлер ғана емес, әрбір азамат қоғам үшін қолынан келгенін аянбауы тиіс. Сонда ғана индет бізден іргесін аулақ салатын болады.

Пандемия басталғалы «Біз біргеміз!» деген жалпы ұранды ту етіп келеміз. Әлбетте бұл ұран тек тілінің ұшында қалғандар да бар. Алайда, Нұрболат секілді бірлікті шын сезінген жандар ұранды іске айналырды. Осы елмен қашан да бірге екенін білдірді. Ынтымақ танытсақ ғана барлығын жеңуге болады!

Света АРТЫҚБАЙҚЫЗЫ

НАУҚАСТАРДЫҢ ЖАРТЫСЫНАН АСТАМЫ ЖАЗЫЛДЫ

Облыста коронавирустың инфекциясымен тіркелген науқастар саны 2541 болса, жазылып шыққандар 1663-ке жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов мәлім етті.

Эпидемиологиялық маусым басталғалы 62134 тестілеу жүргізілген. Аймақта ахуал күрделенген кезде қалалық көпбейінді ауруханада кислородты баллон пайдалану саны өскен. Қазір қажеттілік 70 баллонға азайды. Бұған жергілікті бюджеттен алынған және еріктілер табыстаған құрылғылардың септігі мол болды. Бүгінде облыс бойынша 112 кислородты концентратор пайдаланылуда. Сонымен қатар дәрі-дәрмекпен қамту жағы да шешілуде. Көріні елдерден келген препараттар дәріханаларға түсуде.

Денсаулық сақтау министрлігінің эпидемияға қарсы шаралар жоспары бекітілді. Шаралардың орындалу нәтижесін бағалайтын 18 индикатор бар. Осы 18 нысаналы индикатордың 12-не қол жетті. Қалғаны ауруханалардағы тосек-орын, ПЦР анализдері, реанимациялық тосек-орындар, ИВЛ аппараттарының санын көбейту болып отыр. Конкурсты рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс істеп тұрған ИВЛ саны – 64, ал қазір 99 аппарат болды.

«СБ» ақпарат

АУРУДЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢЕМІЗ?

Осындай қиын кезеңде ешкім өз денсаулығына бейжай қарамауы тиіс. Егер коронавирустың пени пневмония белгілері байқалса, дереу аймақтық дәрігерге хабарласқаныңыз жөн. Арнайы тексеруден өтіп, маманның кеңесіне құлақ түріп, тағайындаған дәрі-дәрмекті алып, күтіңіз. Өзіңізді уақытында қолға алсаңыз, ортаңызға да кесіріңіз тимейді.

Сонымен қатар қарапайым сақтық шаралары да ескеріле бермейді. Қоғамдық орындар мен адам көп шоғырланған жерге барған кезде міндетті түрде бетперде, қолғап пен антисептик жаныңыздан табылсын. Бұдан бөлек дәріхана, банк, сауда орындарында әлеуметтік арақатыстық сақталуы тиіс. Қолды сабынмен жиі жуу керек.

Үйде қарт кісілер мен балалар болса, гигиеналық талаптарды қатаң ұстанған абзал. Егде жастағы адамдардың көпшілігінде қант диабеті кездеседі. Сол себепті ерекше күтім жасалады. Сүйсімдікті көп ішу де маңызды.

Тұрғындар үйгеі салқын-датқышты қосып, салдырып суық тигізеді. Мейлінше, салқын суды ішпеген дұрыс. Иә, қазір шілденің шілде. Бірақ жұқпалы индетпен

1-бет.

«ӨМІРГЕ ҚАЙТА КЕЛГЕНДЕЙМІН»

Үйді де жиі-жиі тазалап жүрдім. Бір күні кешқұрым кенеттен жүрегім айнып, құсықым келді. Дене қызуым көтеріле бастады. Әрі-бері шыдамдық танытуға тырыстым. Болмаған соң жедел жәрдем шақырттым. Жедел жәрдем келгенде дене қызуым болмады. Олар алғашқы көмегін көрсетіп, аймақтық дәрігерге қаралуым керектігін ескертті. Ертесіне терапевтке көрінгенде, сынама тест тапсыруымды сұрады. Үшінші күнге қарағанда дене қызуым қайта-қайта көтеріліп, құрғақ жөтел жиілей берді.

Ауруханада көп уайымдағаннан болар, қан қысымым түспей қойды. Тамаққа тәбетім тіпті жоқ. Бұрын-соңды ауырып, жұқпалы аурулар бөліміне жатпаған соң мұндағы дәрігерлер мен медбикелердің қырағы қызметі таңғалдырды. Ішкі тәртібі, ас мәзірі, ем-домды белгіленген уақыттан кешіктірімей жасауы, тазалығы, жиі-жиі жағдайыңды сұрап, жаныңнан табылатыны, бәрі-бәрі еш кемшіліксіз көрінді. Психологиялық дәріс оқып, көңіл-күйімді көтеріп отырды. Бас дәрігер Бақытжан Нысанбаевтың қамқорлығы қалай айтпайын? Күн сайын мен секілді әр пациенттің жанына келіп, атын атап, дәрігер емес, жанашырдай жағдайын сұрауы нағыз мамандығына адал азамат екенін аңғартады. Қиналғанда, ауырғанда басқалардың саған ерек-

ше көңіл бөліп, жақсы сөз айтып демегені қуат болады екен. Ұлым биыл мектепті «Алтын белгіге» бітірді. ҰБТ тапсыруға бір күн қалғанда ауруханаға түстім. Ана жүрегім баламды ойлайды, ол маған алаңдады. Балам жақсы балл жинап, қуанты.

Кейде мен бұл дертті өзіме ой арқылы шақырып алғандай көремін. «Маған жұқса ше, ауырып қалсам не болады?» деген жағымсыз ойым ақыры соған жеткізді. «Керісінше мен мықтымын», «мен ауырмаймын» деген сөзді жиі айту, көңілді жүру керек екен.

Дәрігерлердің қызметіне қарап қуанасың да, жаның да ашиды. Олар біз секілді қанша науқастың тез айығуы үшін тынымсыз еңбек етуде. Сондықтан ақ халаттылар тарапына артық өңгіме айтпай, қолдау білдірулеріңді сұраймын. Қазір әлеуметтік желіде «қолай істе, бұлай істе, ананы іш, мынаны іш» деген кеңестер күрт көбейіп кетті. Адам өз бетінше әр нәрсені ішпей, дәрігердің ғана кеңесіне құлақ асқаны жөн.

Өз кезегіме аудандық аурухананың бас дәрігері Бақытжан Сағиғалиұлына, ауданның бас санитар дәрігері Гүлнар Төлепбергеноваға, инфекционист Ұлықбек Абдулхамитов, Ержан Құрманалиев, Бейбітқұл Жаржановаға алғаусыз алғыс айтамын.

Гүлмира АЙЫТОВА, Қармақшы ауданы

1-бет.

● ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 25 ЖЫЛ

ТҰРАҚТЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының кепілі болып саналатын Ата Заңның қабылдануы Қазақстан тәуелсіздігінің басты символына айналды. Жуырда қазақстандықтардың жаппай таңдауымен 1995 жылы қайта қабылданған Ата Заңмен өмір сүріп жатқанмызға ширек ғасыр толады. Негізгі Заңымыз Тәуелсіздіктің, елдегі тұрақтылықтың алтын қазығына, елдігіміздің дәйекті бағдарына, келешектің кепіліне айналғанын көрсетіп келеді. Ең бастысы, Конституция – ел Тәуелсіздігін айғақтайтын құжат. Сол үшін де Конституция күні – елдігіміз үшін қастерлі күн.

Sb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»


1993 және 1995 жылдарғы Конституция Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі конституциялық заңдардан бастау алады. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақстанда президенттік басқару формасы туралы заң қабылданды. Осы заң біртұтас мемлекеттік билікті атқарушы, заң шығарушы және сот билігі деп үш тармаққа бөліді. Бұдан кейін елімізде 1990 жылғы 25 қазанда Егемендік туралы декларация жарияланды. Алайда, Егемендік туралы декларация заң емес еді. Дегенмен, ол болашақта қандай бағыт ұстанатынымызды айғақтады. Бұл біздің тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің Елтанбасы, Әнураны, Ту болуы қажеттігін айқындап берген еді.

Уақыт Қазақстанның тәуелсіздікке бағытталған саяси қарарын жеделдетте түсті. 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік туралы қабылдаған заңымыз бүкіл әлемге жария етілді. Бұл шын мәніндегі еліміздің 500 жылдан соңғы қол

жеткізіп отырған тұңғыш Тәуелсіздік заңы болатын. Сол күні бауырлас Түркия елі біздің Тәуелсіздігімізді алғашқы болып таныды. Бұл – бүкіл дипломатия тарихындағы тәндесі жоқ оқиға.

Қабылданған заңдардың барлығы 1993 жылғы Конституцияның негізін қалады. Сонымен Тәуелсіздік кезеңінде екі Ата Заң – 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған алғашқы Ата Заң және 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру негізінде екінші Конституция қабылданды.

Бұл Конституция бүгінге дейін Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрт негізгі ұстанымына сәйкес қызмет атқарып келеді. Олар – қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, экономикалық даму, қазақстандық патриотизм және барлық маңызды мәселелерді референдум арқылы шешу. Қазақстан өз тәуелсіздігін 30 жылға жуық уақытында бұл



бағытта толайым табыстарға жеткенін атап өткізіп келеді.

Әлбетте, өтпелі кезеңде бізге құзыреті мол күшті президенттік билік керек болды. Бұл уақыт талабы еді. Сындарлы кезең сол уақыттағы Елбасы ұстанған саясаттың барынша маңызды болғанын дәлелдеп берді.

1995 жылғы Конституцияда осы жайттардың бәрі ескерілді. Ал Ата Заңға бұрынғы Конституцияның талапқа сай нормалары енгізіліп, Президенттің өкілеттігі ұлғайтылды. Міне, сол 1995 жылғы Конституциямызға биыл 25 жыл толып отыр.

Ата Заңға өмірдің ағымына сай бірнеше мәрте өзгеріс те енгізілді. Уақыт өз орнында тұрмайды. Сондықтан оның

ағымына қарай дүние байламы да өзгеріп отырады. Бұл – әлемдік тәжірибе. Бірақ дамудың тарихи кезеңіне жауап беретін оның тұжырымдамалары мен конституциялық қағидаларына және нормаларына нұқсан келмеуі керек. Басты мақсат осы болды. Осылардың барлығы уақыт кезеңіне қарай дәйектілікпен жүзеге асырылып келеді.

1995 жылғы Конституция жаңа Қазақстанның бет-бейнесін – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, оның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігін, биліктің бөлінуі және парламентаризм секілді негізгі саяси құндылықтардың заң жүзіндегі жиынтық көрінісін

айқындайтын құжатқа айналды. Бұл мемлекет дамуының жаңа кезеңінің бағыттарын айқындап берді. Тарихтың жарқын бір парағы ашылды. Осы кезеңнің маңыздылығы – алғаш рет адам және оның құқықтары мен бостандықтары саяси біршама төмендеді. Осыған орай Мемлекет басшысы жуырда дағдарыстан шығудың таяу жылдарға белгіленген мақсат межелері қабылданатынын, бұл Қазақстан халқының тұрмыс ауыртпалығын жеңілдетуге ықпал жасайтынын атап көрсетті. Жаңа жоспарлар қабылдау, әрине, оңайға түспейді. 2021 жылы бюджет шығыны салыстырмалы түрде 1,6 трлн теңгеге қысқарады деп күтілуде. Әлем елдерінің бірқатар сарапшылары атап көрсеткендей, көптеген мемлекетте экономиканың пандемияға дейінгі кезеңге келуі 1,5-2 жылға созылуы ықтимал. Алдағы уақыт күрделі сипатпен жоғалта қоймайды. Бірақ бұл қиындықтың уақытша екенін сезініп, алдағы күндерге барынша батыл қадамдарды осы бастан бастауымыз керек. Халқымыз басқа түскен қиындықты өзінің қайрат-жігері, ұйымшылдығы, болашаққа деген ұмтылысы арқылы лайықты түрде еңсеретініне сенімдіміз. Бұған мемлекетіміздің басты құжаты – Ата Заңымызда жазылған қағидалар кепіл бола алады.

● МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

САЙЛАУШЫЛАР АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ



Жұртшылық пен билік арасын байланыстырып, тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, проблемаларын біржақты етуге халық қалаулыларының өзіндік үлес қосып жүргенін жоққа шығара алмаймыз. Бірнеше жылдан бері облыстық мәслихаттың сессияларына ұдайы қатысып жүргендіктен, бұл пікірді шын пейілімен жеткізіп отырмын. Облыстық мәслихат әрбір депутатының өзі сайланған округіндегі кезек күттірмес өзекті мәселелерді билік органдарына шырылдап жеткізіп жатқанына талай мәрте куә болғанмын. Олардың қатарында облыстық мәслихатқа № 8 Төретам сайлау округінен сайланған Әнуар Дәуленбаев та бар.

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Депутаттық мандатқа ие болып, сайлаушылар аманатын арқалауды мақсат тұтқан жан өмірлік тәжірибесі мол, өзіне артылған сенімді орындай алатындай білімді, білікті, қажыр-қайраты жеткілікті болуы керек. Бұл тұрғыда Әнуар Дәуленбаев аталған талаптарға толығымен сай келеді деп сеніммен айтуға болады. Бүгінде академик С. Жиенқұлов атындағы Байқоңыр колледжінің директоры қызметін атқарып келеді. Ол 1994-2016 жылдар аралығында Қармақшы аудандық мәслихатына бес шақырылымда депутат болды. Аудандық мәслихаттың депутаты ретінде өзінің туған жері Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысты. Көріп отырғанымыздай, бұл бағытта тәжірибесі жетерлік. Солай бола тұрса да, ол бізбен әңгімесінде халық сенімін дұрыс атқарып жүрмін бе деген ой үнемі мазалайтын жеткізді.

– Біздің облыстағы басқа сайлау округтерімен салыстырғанда өзіндік ерекшелігіміз бар. Байқоңыр қаласы мен оның төңірегінде кейбір аумақтар Ресейге жалға берілген. Төретам мен Ақай елді мекендеріндегі мәселелерді шешуде осыған байланысты қиындықтар туып жатады. Көтерген мәселелердің тез шешімін табуына мемлекетаралық келісімдері шарттар кедергі келтіруі себепті ұзаққа созылып, кейде қиналып қаламыз, – дейді ол.

Иә, басқа сайлау округтерінде, ұсыныс немесе шағым хаттарды жергілікті органдарға тапсырса, көп ұзамай жауабын беріп жатады. Ал ресейліктер жауабын созып жібереді, болмаса немқұрайлық таныта салады. Байқоңырдағы қазақ мектептеріндегі оқулықтардың Ресей стандартымен жазылғаны үлкен проблема болғаны ел есінде. Оқушылар «менің елім – Ресей, астанасы – Мәскеу» деп жазылған оқулықтарды пайдалануға мәжбүр бол-

ды. Сол секілді жұлдызды қалашықта салынған перзентхана, мектеп секілді қазақстандық нысандардың қабылдануы ұзаққа созылды. Бұл мәселелерді жергілікті билік органдары мен депутаттар жоғары жаққа жеткізуден танған жоқ.

Аталған проблемалар ұзақ талқылаудан кейін шешімін тапты. Оқушылар қазақстандық оқулықтар пайдалануға көпше, перзентхана облыстық медициналық орталықтың филиалы ретінде жұмыс істей бастады.

– Көпсалалы аурухананың филиалы мен емхана ашылды. Сонда ресейліктермен көптеген кездесу өтті. Осы кездесулерге облыстық көпсалалы аурухананың директоры ретінде қатыстым. Кездесулердің барлығында әріптестерім тынымсыз еңбек етті, – дейді депутат Нұридин Әмитов.

Қауіпті індетке байланысты карантин кезінде Төретам, Ақай тұрғындары қаладағы қазақстандық мекемелерге барып қайтуды қиындықтарға тап болуда. Бұл жөнінде де жан-жаққа мәселе көтеріп жатыр.

Өмір алға жылжып береді. Жаңадан пайда болған проблемаларды шешу қажеттігі туындайды. Осыған байланысты депутат жаңадан ұсыныстар жолдады. Атап айтқанда, №30 мектептің бу қазандығын табиғи газға ауыстыру, Жосалы кентінің ортасымен өтетін магистральды темір жол бойынан өткел салу, Төретам кенті бойынша ауызсу жүйесі құрылысын жүргізу, Төретам кенті және Ақай ауылы бойынша көшелерді жөндеу, осы елді мекендерге жүргізілетін газ құбырының және кварталшілік газ құбырларының құрылысы электр желілерін кеңейту және қайта саңғырту, Ақай ауылында спорттық-сауықтыру кешенін салу, Қармақшы ауданы бойынша «Қурайлы» каналын тазалау секілді ұсыныстар.

– Осы мәселелердің 20-30%-і жүзеге асырылатын болса, соның өзі – үлкен жетістік, – дейді депутат.

Бюджет қаржысы шектеулі екені белгілі. Сайлаушыларының аманатын арқалаған облыстық мәслихат депутаттарының әрқайсысының осындай бірнеше ұсыныстары бар. Бір жақсысы, облыс басшылығы бұл ұсыныстардың ешқайсысына салғырт қарамайды. Тек бюджет мүмкіншілігіне орай кезегімен шешуді жолға қойған. Алғашқыда кезек күттірмес проблемаларға қаржы бөлінсе, қалғандары келесі жылдардың бюджетіне енгізіледі.

Ел сенімін арқалаған азамат артылған аманатты орындаумен қатар, өзі басшылық жасап отырған колледждің жастарға сапалы білім беруін назардан тыс қалдырмайды. Ә.Дәуленбаев колледждің басты мақсаты Қазақстан экономикасының өндірістік деңгейін көтеруге қабілетті, теориялық және практикалық дағдыларды жетік игерген, адамгершілік қасиеттері жоғары, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау екенін атап өтті.

Осы мақсатта Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Туризм», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» және «Гимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандықтары бойынша 80 бала аудандық комиссиялардың жолдамалары арқылы оқуға қабылдана, «Сылақшы», «Қап-таушы-тасшы», «Тігінші» біліктілігі бойынша қысқа мерзімді курстарда да жолдама арқылы келген жұмыссыз азаматтар оқытылууда. Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік жағдайы төмен, яғни ата-ана қамқорлығынсыз қалған көпбалалы, ата-анасы жұмыссыз және аз қамтылған отбасы балалары оқуға қабылданған.

● ӨНІР ӨНДІРІСІ

«Аралтұз» АҚ – тұз қазу, оны өңдеу саласы бойынша еліміздегі ең ірі кәсіпорын, йодталған ас тұзын шығарудың негізгі өндірушісі. Аймақтың айбынына айналған «Аралтұздың» бағындырған биігі де жоғары. Біршама уақыт бұрын «Аралтұз» зауыты тарихта алғаш рет қайта құру жұмыстарын атқарып, өндіріске «Тұзды екінші рет байыту» технологиясын енгізген еді. Осындай тындырымды тірліктің арқасында қазір тұзды жуу, майдалау, йодтау және кептіру шаралары талапқа сай, жоғары технологиямен жүзеге асуда.

Sb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Ендігі меже – үшінші цехты ашу



Жаңашылдыққа ұмтылыс нәтижесінде «Аралтұз» «Ас және техникалық тұз өндірісін ұлғайту» жобасы іске қосылды. Енді игілікті істің мән-жайына тереңірек тоқтала кетсек. «Ас тұзы және техникалық тұз өндіру» жобасының бастамашысы Айдынбек Тауасаров оның жобалық қуаты жылына 600 мың тоннаға есептелгенін айтты. Өнімдер ішкі нарыққа және ТМД елдеріне шығарылады. Бірінші испан цехы 2014 жылы пайдалануға берілсе, арада екі жыл уақыт өте екінші испан цехі іске қосылды. Ал үшінші цехтің ашылуы алдағы жылға межеленген.

Индустрияландыру бағдарламасы аясында компания ас тұзы және техникалық тұз өндіретін екі испан цехын іске қосты. Зауытты қайта құру еңбек өнімділігін екі есе арттыруға және 1200-ден астам адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жұмысшылардың жалақысы 60%-ке

көтерілді. Төмен жалақы алатын қызметкерлердің еңбекақысы өткен жылдың қантарынан бастап тағы 26%-ке артты.

Қайта құру нәтижесінде өндіру және өткізу көлемі үш еседен астам өсті, ал экспорттық өнімнің үлесі 75%-ке жетті. Былтыр құны 8,4 млрд теңгені құрайтын 467,1 мың тонна өнім өндірілді. Құны 7,7 млрд теңгені құрайтын 369,8 мың тонна өнім экспортталды.

Кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді. Өндірісті әртараптан-дыру мақсатында іске қосылғанда 700 жаңа жұмыс орны құрылатын, жылына 300 мың тонна кальцийленген сода өндіретін зауыттың құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау шаралары ретінде 100 гектар жер учаскесі бөлінді.

«Аралтұздың» өнімдері астын дәмін, акционерлік қоғамның тынысы осындағы қабырғалы елдің әрін кіргізіп тұр.

Арал ауданы

ІРГЕЛІ БІЛІМ – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПШІ

Білім мен ғылымның дамуына адамзат баласының бүкіл тіршілігі тәуелді екенін соңғы кезде бұрынғыдан бетер сезіндік. Пандемияға айналған инфекцияның алдындағы дәрменсіздік, вакцина жасауға кеткен уақыт ғылымды өркендетудің маңызды тағы бір мәрте түсіндіргендей.

Техника ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері Бақытжан Жанмолдаевпен болған әңгіме осы саладағы бірқатар мәселенің түйткілін тарқатты.

– Бақытжан Жамаладинұлы, Черчилль «Әлемдегі әрбір дағдарыс – жаңаруға бастайтын жол» депті. Бірақ бүгінгі дағдарыстың жөні бөлек, ол күллі әлемді шарпыған дерттің салдарынан туындап отыр. Оның бүгінгі мазмұны да сипаты да бұрынғыдан өзгеше, ешкімге, ешнәрсеге ұқсамайды. Тіпті, басқасын былай қойғанда, оның сырын білуге, тұйықтан шығудың жолын іздегіру бағытындағы талпыныстарға әзірге технологиялық жағынан дамыған елдердің өзі дәрменсіз. Олар бар болғаны коронавирустан кейінгі әлем өзгеше болады дегеннен әріге бармайды. Шындығында солай ма? Сұхбатымыздың алғашқы сауалын үйреншікті дағдыдан бастағын келді.

– Иә бұлкім елем солай дейді. Көзі қарақты, көкірегі ояу әрбір адам пандемиядан кейінгі өмір бұрынғыдан өзгеше болатынын айтады. Сонда қаншалықты өзгеше боламыз? Бұл туралы сан алуан пікірлер, болжамдар жеткілікті, тіпті басын айналамы. Меніңше, осы пікірлердің, болжамдардың қорытындылары білімге келіп тірелетін сияқты. Себебі, тек білім негізінде адамзатқа төнген қауіпті алдын ала болжауға және оны болдырмауға, жол көрсетуге болатынына бүгін көпшілігінің көзі жеткен сыңайлы.

Менің бүкіл саналы өмірім білім беру саласында өтіп жатыр. Сондықтан кәзіргі болып жатқан жағдайларға байланысты білім саласындағы өзгерістерге, жаңа бағдарламаларға өз көзқарасым, өз пікірім бар. Кәзіргі цифрлық технологиялар мен жүйелер қарышты дамып жатқан уақытта «цифршылар» деп атайтын жаңа ұрпақтың тобы пайда болғанын айтқым келеді. Әсіресе, Астана, Алматы, Шымкент, т.б. сияқты ірі қалаларда көп кездестіресіз. Көз алдына елестеткініз келсе, ойыңызға тұйық, сөйлеуге ерінетін, білгенін айтудан немесе біреуге үйретуден қашақтайтын, бірден сұрай қалсаң, өздерінің «күс тілінде» жауап беретін, шашы жалбыраған жасөспірім. Олардың ойынына, алдымыздағы 5-10 жылдан кейін, дәстүрлі білім беру жүйесі толығымен жойылып, мектептерде, колледждерде және университеттерде тек қашықтан оқыту технологиясы қолданылады, яғни, жаңа ұрпақ мұғалімдермен, профессорлармен ауызба-ауыз сөйлеспейді және осылай болатынына олар өте сенімді...

– Сонда сіздің бүкіл әлем қолға алып жатқан цифрлы жүйе туралы пікіріңіз бөтен болды ғой. Неліктен?

– Мүлде олай емес. Елімізде төтенше жағдайға байланысты екі айға жуық уақытта мықты технологиялық ілгерілеу болды. Өте құнды педагогикалық тәжірибе жинақталды, әрине, олардан бас тартуға мүлдем болмайды. Қашықтан оқыту технологиясының жақсы жақтары бар, оны жоғалтуға құқығымыз жоқ. Алайда, тек цифрлы технологияға жүгінетін болсақ, онда білімнің ішкі мағынасы мен міндетін түсінбегеніміз.

Алдында бір сөзімде «күс тілі» деп айтып қалдым, мысал келтірейін бе? Өлгі жоғарыда аталғандар былай деп түсіндірме болады: «Мектеп жасындағы балалар, облыстық хайтек кластерінің ІТ хабының бастанасымен болған коллаборация аясында инновациялық стартаптары бар коворкингтегі кофаундермен айналасуы керек». Не түсіндіңіз? Бұл айтқаныңыз қазақшасы былай: «Мектеп жасындағы балалар ұшақ құрастыру немесе кеме құрастыру үйірмелерінде айналысуы керек». Міне, бар болғаны осы. Бұл енді осы цифрлық технологияның негізгі өзегі немесе құрамымыз десе болады, Бұл алгебраның қарапайым ережелерін сұрай қалсаң, түсінбеген сыңай танытады. Себебі белгілі, өйткені білемді және білгісі де келмейді. Өзінің «цифрлы әлемінен» шығуға құлқы жоқ, ал, оның арғы жағында терең фундаменталды (іргелі) білімнің аздығы жатыр. Олар үшін мемлекетімізде болып



жатқан жағдайлар, өзгерістер, қазақ тілінің мүшкіл жағдайы, халықтың тұрмыс-тірлігінің құны көк тиын. Осындай топтың ортасына түсіп қалған, 20-30 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер өздерін жат ағымдағы сектанттардың ортасында қалғандай күй кешеді, керісінше, олар сол мұғалімдердің алдында өздерін зор санайды.

Жалпы менің жеке басымның цифрлық технологияға ешқандай қарсылығы жоқ, ел-халық оның игілігін көріп жатыр, кәзіргі жаңа ақпараттардың легі тасқындай аққан заманда онсыз өмірімізді көз алдымызға елестету мүмкін емес. Алайда, кәзіргі өскелең жас ұрпақтың бүкіл болмысымен, сана-сезімімен «цифрлық әлемнен» шықауына мүлдем қарсымын.

– **Ойыңызды сабақтастыра кетуді жөн көрдім. Өзіңіз жаңа ғана іргелі, яғни фундаментальды білім жөнінде айттың кеттіңіз. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ президенті болған Ричард Никсон «Біздің ғарыштағы осалдығымыз Кеңес Одағының мектеп партасында негізі қаланған білімнен артта қалушылықтан болды» деп мойындапты. Бізге осы іргелі білім жетіспейтін сыңайлы?**

– Сізбен толық келісемін. Негізінен, біздің қазақ балалары өте қабілетті және жаңалыққа жаны үйір болып келеді. Бүкіл саналы ғұмырым университетте өтіп жатса да, мектептермен байланысымыз соңғы 40 жылдай уақытта еш үзген емеспін. Сонда байқағаным, дарынды балалар белгілі бір деңгейге көтерілгеннен кейін, әрі қарай жұмыс істеуге құлқы азая бастайды. Олар ғылым деп аталатын үлкен әлемге әлі енгенін, тек есіктен сығалап қана тұрғанына көзін жеткізгенде ғана алға жылжып бастайды. Бұл жерде, әрине, мұғалімнің оқушылар алдындағы беделі, оның терең білімі мен біліктілігі үлкен роль атқаратыны анық.

Бірде, досым Аскардың (академик А.Жұмаділдаев) былай дегені бар: «Кәзіргі кезде біздің балалар Халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен Кембридж, Гарвард, Оксфорд университеттерінде, Массачусетс технологиялық институтында, тағы да басқа атакты шетелдік оқу орындарында оқып жатыр. Олар енді соларға дәріс беретіндер негізінен менің курстарым және 2-3 жыл бұрын немесе кейін бітірген таныстарым, – дейді. Онысы рас, Кеңес Одағы күйреген кезде, сол кездегі ортақ елімізден талантты ғалымдар мыңдап, жүз мыңдап шетелдік оқу орындарына шақырылады. Оның себебі, сол кездегі Кеңес Одағында қалыптасқан оқу жүйесі іргелі терең білімге негізделген еді. Сол Асекең бітірген М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінен мыңдаған ғалымдар, аспиранттар шетелге кетті. Алайда, осы іргелі оқу орны өзінің дәстүрлі оқу жүйесін, өзіндік келбетін сақтай білді. Осы оқу орны – әлі күнге дейін бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған барлық республикалардың мектеп бітірушілерін Ресей азаматтарымен бірдей тең құқықта қабылдайтын бірден-бір университет. Сонымен қатар, Бауман атындағы МГТУ, МАИ, МФТИ, МИФИ сияқты техникалық университеттер де өздерінің білім беру жүйелерін толығымен сақтап қала білді. Бұларды білетінім, 2005-2011 жылдары менің қызым Айнуір Халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен әлемге әйгілі Мәскеу авиациялық институтында (МАИ) компьютерлік технологиялар мамандығы бойынша білім алды. Айта кететін жағдай, осы аталған оқу орындарында оқу мерзімі әлі күнге дейін 6 жыл. Оқу орындарында жиі болдым, олардың оқу бағдарламаларымен таныстым, кейбір дәрістерге де қатыстым, профессор-оқытушыларымен әріптес ретінде пікір алмастым. Аңғарғаным,

инженерлік мамандықтар бойынша негізгі сабақтар – жоғары математика мен физика. Айталық, математиканың барлық бөлімдері 3 жыл бойы (6 семестр), физика 2 жыл бойы (4 семестр) оқытылады, ал, сағат жүктемелері сәйкесінше 360 және 240 сағат. Осындай терең теориялық дайындықтан кейін ғана, 4 курстан бастап, соңғы үш жылда өздерінің мамандықтары бойынша пәндерді оқи бастайды. Мысалы, Бауман атындағы техникалық университетінде көргенім, «Машиналар мен механизмдер теориясы» сабағында небір күрделі механизмдер бөлшектерінің кинемаларын тек қолмен ғана сызғызады. Компьютерлік жобалау кабинеттерінде ол кималарды санаулы минуттарда салуға болады, жоқ, ол кабинеттерге студенттерді кіргізбейді, тек қолмен сызуы керек. Немесе МАИ студенттерінің кейдігі ат шаптырымдай аңғарларға қойылған ұшақтардың сан мыңдаған сымдарын қолмен жалғап жатқандарына куә болдым. Оларда виртуалды зертханалар жоқ дейсіз бе? Керісінше, жетіп артылады, алайда студенттер ұшақтың барлық тетіктерін, бөлшектерін қолдарымен жалғайды. Бұларды мен неге айтып отырмын? Өзім сол Мәскеуде білім алғасын оларды дәріптеп отырған жоқпын. Қалыптасқан дәстүрін, оқу жүйесін толық сақтап қалса да, дипломдары әлемдік бренд екенін мысалға келтіріп отырмын. Өткеніміздің барлығы жаман емес, оның жақсы жақтарын, әсіресе білім саласындағысын сақтап қалу – бізге парыз. Осы тұрғыда, мен әріптесім профессор Бағдат Қарбозұлының «Білім беруде дәстүр болуы керек» деген терең ойлы сөзімен толық келісемін.

– **Өткенсіз бүгінгіміз бұлдыр. Осы орайда айта кеткім келеді, кеңестік іргелі білім ғарышты игерді. Атом қаруын жасады. Сахаров, Ландау, Курчатов, Королев, Капица, Харитон... Атай берсеңіз, толып жатыр. Оларды Сталин де құрметтеді емес пе? Айталық Қаныш Сәтпаев, Шахмардан Есенов есімін кім ұмытады? Осылардың бәрі кеңестік іргелі білімді менгерген ұлылар ғой.**

– Ұлы диктатордың өзі ғылымды, ғалымдарды құрметтеді. Олар мемлекет үшін қажет болды. Білесіз бе, сол Қаныш Сәтпаев Қазақстан Ғылым академиясын Сталиннің келісімінен ала отырып құрған. Тіпті Курчатов көсемге «Ғалымдардың жалмақсыны есе көтеруге керек» деп өтініш білдіргенде Сталин мырза мырзалық танытып үш есе өсірген. Капица Бериядан сескенбей жоғарыға хат жолдағаннан кейін Сталин басты жетедіке «Оған тиісуші болма, қабырғанды сындырамын» деп ескерту қасаған.

Міне, осының барлығы ғалымдарға деген ерекше құрмет еді. Ешкімді мойындай қоймайтын досым Аскар Жұмаділдаев академик Орынбек Жәутіковтің есімін жиі атаушы еді. Қазақстан ғылымы Аскар Қонаев, Әмірбек Жолдасбеков, Мұрат Айтқожин, Әмірзақ Сұлтанғазин және тағы басқаларының есімдерімен әлемге танылды. Біз әлемдік жетістікке бұрынғы дәстүрімізбен міндетті түрде көтеріле аламыз. Себебі бізде іргелі білімнің іргетасы бар. Тек мемлекеттік қолдау, оқу үдерісін барынша жетілдіруіміз қажет.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, біздің егеменді еліміздің ертеңі – іргелі білім мен ғылымда. Жан-жақты теориялық дайындықтан өткен, ол білімнің практикамен ұштастыра білетін жас кез келген жағдайда өзін еркін сезінетін және цифрлы технология заманында орын киналмай табады. Мен бұған сенімдімін.

Әңгімелескен **Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ**

Егеменді еліміздің отыз жылға жуықтаған мәнді ғұмыры сан салалы. Ескіміз жаңарып, жоғымыз табылды. Барымыз ине-жіптен өтті. Өркеннетті ғалам, діни ілім жылдар бойы шөліркеген санамызға нәрлі нұр құйды. Өзгертті.

Жақаевтың шәкірті

Сүріндік, қабындық. Ұлы көшке ілестік. Дегенмен, шабыс бірдей емес, әрине. Дүниетаным, ұстаным ол да екіұдай. Имандылық бар жерде имансыздық, парасаттылық жүрген жерде надандық бар. Бұған мысал жетерлік.

Осыдан бес-он жыл бұрын жап-тармағай қала, аудан, ауылдың арық-атызына, көше-көпіріне дейін ат қойғанбыз. Мағынасыз, ұлттық болмысымызға жат атаулардан арылды. Қазақландық. Бірақ, сол науқандық шара барлық жерде сәтті өтті деуге бола ма? Әлбетте, жоқ. Саралағанға дұрыс пен бұрыс итжығыс түсер. Бұрысы, жан-жақты ойластырылған, келісіп пішкен, арғы-бергімізді ұрпаққа ұялмай баяндайтын ұғынықты жүйе болмады. Асығыстық, ағаттық жібердік. Ауызға түскенді, қолденең ұсынғанды місе тұттық. Сараптамадық. Есесіне, атак-абройы жеті атанға жүк, кешегі өткен аптал азаматтарымыз ардақсыз, атаусыз қалап жатты.

Үндемеске болмас. Ендеше, парасатты әлеумет, құлақ тұр.

Шамамен өткен жылдың күзі болар. Теке тулағындай баннерге бейнеленген асыл арыстың суреті өз ауылының тұсындағы аялдамада жыртылып, жалбырап ұзақ тұрды. Өткініш жұрттың баннердегі бейнеге көз салмағаны, бас бұрмағаны жоқ. Жолдан сырың айдап өткен ауылдас «...Жер таппай қалғандай, жұлма-жұлмасын шығарып. Мына кісіні айдалаға, желдің өткіне іліп қойғаны несі?!» десе, енді бір топ жолаушы көлігін тежеп кімді мүсіркеп, кімді мінегендерін қайдам, бас шайқасып, қол сермесіп, ұзақ дабырласқан.

Ұққанға, суреттегі арда азаматтың орны төменде емес төрде-тін. Ол өзінің адами бейнесін амалмен емес, ащы термен, қос алақанымен сомдаған замандас еді. Ол – күні кеше ғана арамдыда жүрген, жүзі Сырдың сары самалына тотыққан, келісті келбетіне иман ұйған сыйлы кісі-тұғын. Уақытында оны біріміз аға, екіншіміз іні тұттық. Аты аймаққа, одан әрі байтақ елге мәлім болған шақта шекпенді шенеунік, алыс-жақындығы ағайын, құда-жекжат, тамыр-таныс, жолдас-жора сол бір жиде иісі аңқыған шағын ауылға ретсіз жосылғанбыз.

Бұл – батыр тұрпатты, қыр мұрынды, қою кара кеші, өткір көзді Тынысбек Ысқаков. Баспақолдық дарабоз дикан! Атақты күршіш! Ұстазы – ақ күршіштің академигі Ыбырай Жақаев. Бапкері – қасындағы қауыншы қария. Пірі – Дикан ата!

Звено жетекшісі болып кіші танапта жұмыс бастаған Тынысбек одан арғы жылдары көтерер жүгін ауырлатты. Бригада басқарды. Қарымы мықты, қайратты ер қиындықтан қорыққан жоқ. Бейнеті белуардан. Диканшылық кәсіп күнді түнге, түнді күнге ұрды. Ұйқы қашып, күлкі тыйылды. Бағы мен бақыты безбен басына түсті.

Бригадирге артылар жүк көп-тұғын. Сенім, жауапкершілік, біліктілік, есеп. Ең бастысы, механизматор мен су мұрабының көңілін табу. Істі қиыннан қиыстыру. Нар қотерер салмақ мойнына мінген намысқой Тынысбек сонда серіппедей ширықты. Көп кеңесті. Жаңақорған кеңтіндегі ауылшаруашылық училищесіне түсіп, дәріс алды. Шыңдалды. Нәзік, сырбаз дақылдың бабын тапты-ау, әйтеуір.

Нотижесі, он бір жылдың ішінде ол әріптестерінен көш ілгері озды. Егістіктің гектарынан 45-51 центнерден өнім алып, күршішті аймақта ұшар бйікке шықты. Рекорд жасады.

– Мен ол кезде көрші, «Түгіскен» совхозын басқардым, – деді Тынысбекті еске алған ардагер, ғалым-агроном, бүгінде құрметті зейнеткер Найтулла Қаракөжаев. Қария аз ойлаңып қалды. – Ол бір қажырлы, қайратты азамат еді-ау. Нағыз тұлға. Тәлімді дикан. Білгір. Сор және сортаң жерден табиғаттың бермесін тартып алған Тынысбек. Жерді ерекше сүйді. Аялай білді. Топырақты өңдеу, дақылды егіп-тігу, баптау тәсілдерін қайсыбір ғалым-агрономдардан кем білмейтін. Додадан тайсалмайтын, өзінше пікір сабақтай алатын азамат. Жетекке жүрмейтін. Мен осыған қайран қалатынмын. Себебі, максаткерлігі басым, біртөкпей дикан аз. Біздің өңірдің ауа райы, жер-су жағдайына бейімделген Тынысбектің тәжірибесі – терең зерттеп, оқып-үйренуді қажет ететін өміршен мектеп, – деді ол.

Найтулла ақсақал біз әңгіме етіп



отырған кейіпкердің депутаттық қызметін төрт сөйлеммен тұжырымдады.

– Тынысбек Ысқаков Қазақ ССР Халық депутаты кезінде өзі еңбек ететін шаруашылықтың, ұмытпасам, 1400 гектар жерін «Главрессхозстрой» есебінен тегістеп, егіс көлемін көбейтті. Өнім еселенді. Ұжымның табысы молайды. Баспақол елі, артынан ілескен ұрпақ Тынысбектің басқасын айтпағанда, осы бір сауатты ісінің алдында бас исе артық болмас.

Еңбеккерлігі – өзге әңгіме. Өз ісін жақсы көретіні сондай, қолына кеткен тисе, тынысы ашылып, қуаттанып, құшшыны жүре беруші еді-ау, шіркін!

Дикан Тынысбек – ақ күршіштің атасы Ыбырай Жақаевтан кейінгі, биік белесті жыға бағындырған ұздік. Ол бірнеше жыл облыс бойынша «Озат күршіш» атанды. 1990 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің І алтын, 4 күміс, 1 қола медальінен иеленді. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь революциясы» ордендерімен және «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен нағрадалды. Қоғам қайраткері есебінде елге сіңірген еңбегі де сүбелі. Ол – Қазақ ССР-нің, облыстық, аудандық және ауылдық кеңестерге дүркін-дүркін халық қалаулысы болып сайланған адам. Ресей, Беларусь, Украина және Қазақстан халықаралық «Ұздік адамдар» энциклопедиясына аты жазылып, 2012 жылдың «Құрметті азаматы» атанған дикан.

– Еңбекке ерте араласып есейген Тынысбек өз қатарынан әлдеқайда ересек көрінетін. Байсалды, ойлы, сөзі сикалалы. Ішкі дүниесі бай, парасаты биік, екі тілде сауатты шешіле сөйлеседі. Етене араласпағанға оның тұйық мінезі көпке құпия-тұғын. Дала жұмысын, дикан бейнетін белшесінен кешкен ол маңдай тері, табан ақысын ата-бабасы жатқан топыраққа, елге перзенттік өтеуім, сүннетін деп білуші еді. Жомарт жерге қарыздар қандай бәсен сойлейтін. Шексіз қошеметке, марапатқа дандайсыған емес. Мақтанбады. Халық депутаты боларда оны бүкіл ел, аймақ болып қолдады. Облыс жастары үлгі тұтты. Кәсіп игерген ұрпаққа ұстаз болды. – деп еске алады комсомол ардагері, кәсіптік-техникалық саланың білгірі Сексенді Раханов.

...Сырдың құйкалы жағалауы – ежелден аралас-құралас жатқан елдің құтты мекені. Кеңестік дәуірде өзіннің түстік беті аймақтан аймаққа өтіп, ауыл сызығы сан мәрте өзгерді. Сосын да Тынысбек – еншілес екі облысқа ортақ тұлға. Ол кәзіргі Түркістан облысының Үшқайық ауылында дүниеге келіп, ескі Сауран ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің жоғары екі сыныбын оқыпты. Еңбек жолын бұрынғы Қызылқұм, кәзіргі Отырар ауданында қарапайым жұмыстан бастап, қалған саналы өмірін Қызылорда облысында өткізді. Күршіш болды. Өмірінің соңғы күніне дейін тәуелсіз еліміздің шаңырағын көтерісіп, іргесін бекітті.

Ол 2012 жылдың сәуірінде дүниеден озды. Ауыл топырағында диканның ізі елі сайрап жатыр. Бірақ, кәзіргі жас өренге бұл – беймәлім бейне.

Кемшіні іске сұрақ көп. Парасатты әлеумет! Біздікі сын емес осындай біртуар тұлғаны замандасы біз ұмытсақ, ертеңгі ұрпақ бйілек те емес. Ойланайық.

Нәсен ҚОЖАБАЕВ,
Түркістан қаласы

СУБСИДИЯ ТӨЛЕНЕДІ

Былтыр облыстың бірқатар шаруашылықтары «Басым дақылдарды субсидиялау» бағдарламасына бөлінген қаражаттың толық игерілуіне байланысты субсидия алмай қалған болатын.

Осыны ескерген облыс әкімдігі Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыныс жолдап, ол қолдау тапты.

Министрдің «Әсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, былтырғы жылдың төртінші тоқсанында өңдеуге өткізілген күріш тоннасына субсидия

төленетін болады. Субсидия нормасы облыс әкімдігінің «Басым дақылдардың тізбесін және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, өңдеуге өткізілген күріштің әр тоннасына 3500 теңгеден белгіленді.

Шілденің 21-нен бастап «Басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялау» бағдарламасы бойынша өтімдер Qoldau.kz веб-порталы арқылы қабылдана бастады.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

2020 жылғы «...» №... Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Г. Әбдіқалықова**

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы №816 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5890 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2017 жылғы 1 шілдеде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2017 жылғы 3 шілдеде жарияланған).

2. «Қызылорда облысы бойынша субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі №1360 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6757 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2019 жылғы 15 сәуірде жарияланған).

3. «Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №1382 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6789 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2019 жылғы 28 мамырда жарияланған).

Қызылорда облысы әкімдігімен 2020 жылдың 1 және 2-тоқсанында табысталған жер учаскелері туралы ақпарат

№	Жер учаскесі табысталған тұлғаның атауы	Негізі	Нысаналы мақсаты	Алаңы, гектар	Орналасқан жері	Құқық түрі	Жалға алу мерзімі
1	Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК	№48 15.01.2020 ж оң қорытынды №143 15.01.2020 ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы	«Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан автоматтандырылған газ тарату стансасына дейінгі газ құбыры-бұрып құрылысы үшін, №1 учаскесі «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан автоматтандырылған газ тарату стансасына дейінгі газ құбыры-бұрып құрылысы үшін, №2 учаскесі «Жосалы» автоматтандырылған газ тарату стансасын орналастыру үшін «Жосалы» автоматтандырылған газ тарату стансасына газ құбыры-бұрып тазалау қондырғысын қосу мен шүмек торабы алаңын орналастыру үшін	0,2838 29,1903 0,8125 0,3025	Кармақшы ауданы жерлері	Тұрақты жер пайдалану құқығы	
2	«САУТС-ОЙЛ» ЖШС	№10 30.04.2018 ж оң қорытынды №11 19.03.2019 ж оң қорытынды №19 06.07.2019 ж оң қорытынды №23 24.07.2019 ж оң қорытынды 27.01.2020 ж бұйрық №КЗ52VBG00631446 №160 03.02.2020 ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы	«Кенілік» №170 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін «Кенілік» №172 мұнай ұңғымасы үшін «Кенілік» №173 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін «Ақтау» №41 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін «Кенілік» №160 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін «Кенілік» №166 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін «Кенілік» №169 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін «Кенілік» №180 мұнай ұңғымасы үшін	2,58 2,1 2,15 2,55 2,24 2,2 2,15 2,1	Сырдария ауданы «Кенілік» кеніші Сырдария ауданы «Ақтау» кеніші Жалағаш ауданы «Кенілік» кеніші	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2033 жылдың 8 желтоқсанына дейін 2042 жылдың 26 қыркүйегіне дейін 2033 жылдың 8 желтоқсанына дейін
3	«Шаған» фермер қожалығы	30.01.2020 ж бұйрық №1-Е №167 06.02.2020 ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы	Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	1,23	Сырдария ауданы, Шаған ауылының жерлері	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	5 (бес) жыл
4	«KAZPETROL GROUP» ЖШС	№177 28.02.2020 ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 37-бабы	Тауар №12 барлау ұңғымасын пайдалану және оған кірме жолы үшін Тауар №12 барлау ұңғымасын пайдалану және оған кірме жолы үшін Тауар №12 барлау ұңғымасын пайдалану және оған кірме жолы үшін	1,21 3,89 3,63	Сырдария ауданы жерлері	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2035 жылдың 15 желтоқсанына дейін 2020 жылдың 16 тамызына дейін
5	«ПетроҚазақстанКүмкөл Ресориз» АҚ	№185 13.03.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 37-бабы	Көпшілік мұнай құбырына қызмет көрсетуге арналған далалық жол үшін	0,54	Сырдария ауданының жерлері	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2025 жылдың 27 ақпанына дейін
6	«Бекбайдаров А.А.» жеке кәсіпкері	№186 13.03.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 37-бабы	Газбетон блоктарының өндірісі үшін	0,30	Қызылорда қаласы, Тасбетек кентінің аумағы	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2030 жылдың 28 ақпанына дейін
7	«Qazaq Camel» ЖШС	№14 08.04.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 44-1-бабы	Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	1,0	Арал ауданы, Арал қаласының жерлері	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2025 жылдың 8 сәуіріне дейін
8	«ABK Prom Service (ABK Prom Service)» ЖШС	№15 08.04.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 44-1-бабы	«Қызылорда қаласында шыны-пластикалық желілік және сорғы-компрессорлық жоғары қысымды құбырларды өндіру зауытының құрылысы» жобасына зауыт құрылысы үшін	7,0	Қызылорда қаласының аумағы	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2025 жылдың 24 мамырына дейін
9	«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресориз» АҚ	№16 08.04.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 16-бабы және 32-бабы	«Қызылқия» кенішіндегі газды пайдаға жарату цехынан «Күмкөл» кенішіндегі газды пайдаға жарату цехына дейінгі 10 дюймдік газ құбыры мен оған қызмет көрсететін автокөлік жолының құрылысы үшін №1 және №2 учаскелері	10,7695	Сырдария ауданы «Қызылқия» кеніші	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2021 жылдың 8 қыркүйегіне дейін
10	«САУТС-ОЙЛ» ЖШС	№16 08.04.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 16-бабы және 32-бабы	Кенілік №181 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін Ақтау №42 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін Ақтау №43 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін	2,5 2,15 2,4	Жалағаш ауданы «Кенілік» кеніші Сырдария ауданы «Ақтау» кеніші Сырдария ауданы «Ақтау» кеніші	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2033 жылдың 8 желтоқсанына дейін 2042 жылдың 26 қыркүйегіне дейін 2042 жылдың 26 қыркүйегіне дейін
11	«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресориз» АҚ	№19 14.04.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 16-бабы және 32-бабы	№540 мұнай ұңғымасын жайластыру үшін	77,2893	Сырдария ауданы «Қызылқия» кеніші	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2025 жылдың 24 маусымына дейін
12	«Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	№31 18.05.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 5-1) тармақшасы	құрылыс алаңы үшін. №1 айлақ құрылысы үшін, №2 айлақ құрылысы үшін	2,0 0,1942 0,1897	Арал ауданы су қорының жері	Уақытша өтеулі жер пайдалану	2025 жылдың 18 мамырына дейін
13	«KAZPETROL GROUP (KAZPETROL GROUP)» ЖШС	№39 28.05.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағы	Тауар-№15 барлау ұңғымасын пайдалану және оған кірме жолы үшін	3,63	Сырдария ауданы «Тауар» кеніші	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2035 жылдың 15 желтоқсанына дейін
14	«СырАгро и Ко» ЖШС	№48 08.06.2020ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 16-бабы	«1200 басқа арналған тауарлы сүт фермасын құру және кеңейту жобасына» ауылшаруашылық дақылдарын егу үшін №1 учаскесі «1200 басқа арналған тауарлы сүт фермасын құру және кеңейту жобасына» ауылшаруашылық дақылдарын егу үшін №2 учаскесі «1200 басқа арналған тауарлы сүт фермасын құру және кеңейту жобасына» ауылшаруашылық дақылдарын егу үшін №3 учаскесі «1200 басқа арналған тауарлы сүт фермасын құру және кеңейту жобасына» ауылшаруашылық дақылдарын егу үшін №4 учаскесі	96,0 61,0 175,0 168,0	Шиели ауданы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер Шиели ауданы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер Шиели ауданы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер Шиели ауданы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2024 жылдың 21 мамырына дейін 2024 жылдың 21 мамырына дейін 2024 жылдың 21 мамырына дейін 2024 жылдың 21 мамырына дейін
15	«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресориз» АҚ	№58 24.06.2020 ж Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы ҚР Жер кодексінің 16-бабы және 37-бабы	Құмды қиыршық тас қоспасын өндіру үшін	2,94	Сырдария ауданының аумағы	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	2021 жылдың 16 тамызына дейін

Әлеуметтік қызмет талап деңгейінде

Жасы 18-ден асқан жүйке ауытқушылығы бар I, II топтағы мүгедектерге арналған №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы бар.
Төтенше жағдайға байланысты жартылай стационарлық жағдайда күндізгі бөлім қызмет алушыларын қабылдауды 17 наурыздан бастап тоқтатқан еді. Қазір карантин жағдайында күшейтілген санитарлық режимде қызметтер көрсетілуде.

Мемлекет қамқорлығындағы мүгедектерге арналған стоматология, дәріхана, массаж кабинеттері, шаптараз, сумен емдеу бөлімдері, спорт зал, тігін цехы, ағаш өңдеу шеберханасы жұмыс істейді. Сонымен бірге қызмет алушылар санитарлық нормаға сәйкес орынжайлармен, тұрмысқа қажетті жиһаздармен қамтамасыз етілген. Өзін-өзі күтуге қабілетсіздерге жеке және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсетіледі. Ғимараттағы қызметтік және өндірістік орын-жайлар қауіпсіздік пен өртке қарсы талаптарға жауап береді.

Мүгедектер негізінен емдік жаттығуларды өздігінен жасай алмайды. Бұл орайда оларға көмектесудің орны ерекше. Ақпараттар мен туындаған әлеуметтік-психологиялық проблемаларды талқылап, психологиялық кеңес беріліп, тиісті топтар құрылады. Қызмет алушылардың ақыл-ой қабілеті мен жас ерекшелігін ескере отырып, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызмет көрсетіледі.

Мекемеде мерекелер мен тынығу іс-шаралары, клуб және үйірме жұмыстары ұйымдастырылған. Қызмет алушыларды театрға көрмелерге, концерттер мен басқа да іс-шараларға апару қарастырылады. Орталықта эн-би үйірмелері бар. Өздерінің қатысуымен мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Мекемеде кітапхана бар. Қызметкерлер республикалық және облыстық басылымдарға үздіксіз жазылады.

Елімізде қалыптасқан күрделі жағдай біздің ұжым жұмысына да ықпалын тигізе бастады. Қазақстанда және әлемде болып жатқан оқиғалар қызметкерлердің толық назарында. Мемлекет басшысының дағдарыс жағдайындағы шұғыл шаралар кешенін түсіністікпен қабылдаған ұжым мүшелері санитарлық нормаларды сақтау, ішкі тәртіпті нығайту бағытында өздері бастап үлгі өнеге көрсетуде.

Алмат ЖҰМАБАЕВ,
№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жазатайым оқиғалар азаймай тұр

Тұрақты профилактикалық жұмыстарға қарамастан, аймақтағы су айдындарында адамдардың қаза болуы бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Жыл басынан бері 22 адам қаза тапқан, оның 8-і бала. Шіліңгір шілдеде өзен-көл жағалайтындар рұқсат етілмеген аумаққа суға түседі. Қауіпсіздік шараларына күлақ аспайды. Сақтық ережесін өрескел бұзады. Салдарынан жазатайым оқиға орын алу.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

Шомылу маусымы кезінде төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жағаның құрметтері мен құралдары әзірлікке келтірілді. Жедел-құтқару техникалары, жүзу құралдары, сүңгу құрал-жабдықтары, сондай-ақ жеке құрамның жабдықтарды, құтқару құралдарын пайдалануға дайындығы уақытылы

тексерілуде. Дегенмен, сақтық шаралары мен алдын алуға бағытталған жұмыстар жазатайым оқиғаларға тосқауыл бола алмай тұр.

Осы ретте облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Омар Бержанов белгіленбеген су айдындарында шомылу тыйымдалып тұрғанын жеткізді.

– Адамдар өз өміріне қауіп төндіруде. 13-19 шілде аралығында 3 жағдай тіркелді. 4 адам қаза тапты. Өкінішке орай, біреуі бала. Тұрғындар қауіпсіздік ережесіне бағынбайды. Өзен-көлдердің белгіленбеген, тік жар тұстарына шомылады. Алғашқы көмек көрсетуді біле бермейді. Сонымен қатар соңғы кезде табиғат аясына, су жағалауларына демалатындар да көбейіп отыр. Олар қауіпсіздік шараларын ұстанбай, салдарынан оқыс оқиға орын алу. Сала мамандары тарапынан жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанымен, жазатайым оқиғалар тіркелуде, – дейді ол.

Бүгінде облыс су айдындарында 64 суға шомылуға қауіпті учаске бар. Ереже – жалпыға ортақ. Шомылу маусымында қауіпсіздік шараларын ұстанып, арнайы жағажайларға барған абзал.

Ішімдіктен келер зиян көп

«Атаңнан қалған ас емес» десе де, ішімдікке үйірскер көп. Оның зияны шап етектен екенін біреу білсе, біреу білмес. Арақ адам ағзасын әлсіретіп, түрлі ауру-сырқауға душар етеді.

Ең әуелі, маскүнемдікке салынған жанның маңайынан береке қашады. Қызметте белдесіз, ағайынға абыройсыз, сырласқа сыйсыз ететін бұл әдет бара-бара өмірдегі барынан айырады. Сонында санасына жетіп, санын соғып жататындарды жиі кезіктіреміз.

Ғалымдардың пайымдауынша, арақ-шарапты салынып ішкен адамның бүйірегін мен бауыры, жүрегі мен жүйке жүйесі сан алуан қатерлі ауруларға шалдығады.

Бақұл бол, ардақты аға

Әулетіміздің абыз ақсақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, балаларының қамқоры болған ардақты ағамыз Жіненей Кемалов 92 жасында фандинен озды.

Ағамыз Жіненей 1928 жылы Қазалы ауданы «Коммунизм» колхозында (қазіргі Бозкөл ауылы) шаруа отбасында дүниеге келген. 1947 жылы Қызылордадағы педучилищені, 1952 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін бітіріп, еңбек жолын Қазалы ауданындағы мектепте мұғалім болып бастады. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, біраз жыл мектеп директоры болып абыройлы қызмет атқарды. 1990 жылы құрметті зейнет демалысына шығып, Қызылордада қоныс аударды. Қазалы қой совхозындағы №100 мектепте директор болып жүргенде ағамыздың өнегелі істерін дәріптеп, облыстық «Ленин жолы» газетіне «Жемісті жолда» деген айдармен көлемді мақала жарияланды. Ұзақ жыл ұстаздық жолындағы еңбегі бағаланып, «Халық ағарту ісінң үздігі», «Еңбек ардагері», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Ардақты жан зайыбы Кулзада Ерімбетовамен мағыналы ғұмыр кешіп, алты баланы тәрбиелеп, ұлды уяға, қызды қыяға қондырды. Шүкір ғой, артында құран бағыштап, қол жаятын ұрпағы бар. Оқылған дұға көбірің нұрландырып, жатқан жері жайлы, иманы дұға-дас болсын дейміз. Сіз біздің жүрегімізде жасай бересіз, ардақты аға.

Ағайын-туыстары.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қайратович 2020 жылдың 29 маусымында қайтыс болған азаматша Раева Мейрамқұл Абдиқаликованың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 14 32, 8 778 235 08 08.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрқесевич 2020 жылдың 15 шілдесінде қайтыс болған азаматша Жіненалиева Оразқұл Мырзағұлованың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.



1150 жыл
Al-Farabidin mereitoy

Байқау мәресіне жетті

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175, әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай облыс кітапханаларында онлайн форматтағы шаралар ұйымдастырылуда. Осы аптада Қармақшы аудандық орталықтандырылған кітапханасында «Тарихтан тағылым», «Тарих. Тағдыр. Тұлға» атты интеллектуалдық сайыстар мәресіне жетті.



Карантин талаптарына сәйкес WhatsApp желісінде өткен байқауға 29-ға дейінгі жастар қатыстырылды. Оларға ұлттық ойлау денгейін келесі кезенге көтерген, хәкім атанған Абайдың, Отырарда туып, әлемге аты мәшһүр болған әл-Фарабидің өмірі мен еңбектерінен сұрақтар қойылды. Құнды қазына кітапқа ден қойып, тарихи тұлғалар туралы білімін ортаға салған жеңімпаздарға арнайы Алғыс хат пен сыйлықтар табысты.

Сондай-ақ, кітапхана оқырмандарының арасында Абай өлеңдерін жатқа оқу, әл-Фараби еңбектерінен үзінді оқуға арналған челлендж жалғасуда. Ал, жуырда ШІ Интернационал ауылдық кітапханасында «Абай – кемеңгерліктің биік шыңы» атты өнер сайысы ұйымдастырылды. Ұлттың ұлы тұлғаларына арналған мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасы бермек.

«СБ» ақпарат

ТҮЛҒА

Керуен жырдың жалғасы

Сыр елі – жауһар жырдың ордасы. Бүгінде шайырлар мен сүйейлер қалдырған жыр керуен көшін дәстүрлі ән өнерінің майталмандары жалғастыруда. Өңірде Нартай жырларын насихаттап, өнердің биігінен көрініп жүрген сондай жыр жампоздарының бірі – Нартай өнер мектебінің директоры Мұхаммедәлі Бекпейісов.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



өткен байқаудың бас жүлдесін алса, Т.Қалмағанбетов атындағы республикалық байқаудан ІІ орын иемденді. Сондай-ақ, ол Н.Бекжановтың 125 жылдығына арналған республикалық эңшілер конкурсының бас жүлдегері.

Еңбек жолын облыстық филармония артисі болып бастады. Кейін Шиели аудандық «Нартай өнер мектебіне» үйірме жетекшісі болса, қазір өнер ордасына басшылық жасап, Нартай мұраларын насихаттауға бар күш-жігерін салуда.

Мектепте халық әні, Б.Қабылұлы атындағы жыр-терме, Т.Қалмағанбетов атындағы дәстүрлі ән, М.Турсанов атындағы ақындар үйірмесі бар. Онда 40-қа жуық шәкірт тәрбиеленуде.

Дәстүрлі әннің бай мазмұны мен рухани құндылықтарын жастардың бойына сіңіре білуіміз қажет. Байқасаңыз, Еуропа елдері жаһандану дәуіріне аяқ басамыз деп өздерінің барынан, ұлттық құндылықтарынан айырмалы. Сондықтан ұлттық болмысымызды өнерді ұлықтап, насихаттасақ, болашағымыздың жарқын болары сөзсіз, – дейді жас дарын.


Зерттеуші-ғалым В.Радловтың жазбасында «Алты жасар баладан алпыстағы ақсақалға дейін өлең айтпайтын, домбыра тартпайтын қазақты көрмедім... Қазақ – өнерлі, әнші, ақын халық» деген жолдар бар. Расымен, қазынаның бағасын білетін, қадірін жете түсінетін Мұхаммедәлідей жастар барда қазақ өнерінің тұғыры биік болмақ.

Мәдениетіміздің дінгеі болған дәстүрлі өнге деген оның қызығушылығы бала күннен оянды. Оған себеп те жоқ емес. Әкесі – жастайынан бала жырау атанған, Сырдың мақам саздары мен жыр-термелерін елге насихаттап, Нартай мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізген ерекше дарын иесі Құрманбек Бекпейісов. Мұхаммедәлі ұлттық құндылықтармен сусындағып, кішкентайынан бойына сіңірте білді. Сондықтан да болар, оған Нартайдың әндерін орындау еш қиындық тудырмаған. – Бала күнімен сырнайдың дауысына елігіп өстім. Әкем сырнайын қолына алып тарта бастағанның алдына келіп отыратынмын. Айттылар әндер құлағымда жатталып қалды, – дейді ол. Мұхаммедәлі Қорқыт ата атындағы университетті тәмамдаған. Көптеген байқалардың жүлдегері. 2009 жылы Испанияның Барселона қаласында

Бала күнімізде үлкендер қолғап, шәлі, бас киімдерді тоқып беретін. Жылы әрі сапалы киімді бірімізден соң біріміз киіп өстік. Эр үйде кілем тоқитын станок болды. Ол үнемі құрулы тұратын. Алаша, кілем тоқуды кез келген қыз келіншек білетін. Қыз жасауына міндетті түрде тоқыма кілем қосылатын. Сыйлыққа да ұсынылатын.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Тоқыма тоқып, табыс тапқан



Жеңіл өнеркәсіптің өрге басуына қолдау бар. Мемлекеттік бағдарлама іске асып, тың жобалар жүзеге асты. Халықтың әлеуетін көтеруде жеңіл өнеркәсіптің ықпалы зор. Жергілікті тұрғындардың, оның ішінде, әйелдер арасындағы жұмыссыздықты жоюдың бірден-бір тиімді жолы – жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту. Соңғы кездері саланың өнімдеріне деген сұраныс артауда. Жеңіл өнеркәсіптің негізгі бағытында кілем тоқу, киім-кешек, аяқ киім тігу, тоқыма ісі жанданып келеді. Бұл саланың өркендеуіне үлес қосып жүрген қыз-келіншектер аз емес. Мен де тоқыма тоқу, тігін тігуді кәсіпке айналдырдым. Өткен жылы кәсіпкерлер палатасында білім алып, жеке кәсіпкер атандым. Сонымен қатар кәсібін бастаушыларға берілетін мүмкіндікті тиімді пайдаланып, 505 мың теңгенің қайтарымыз грантын жеңіп алдым, – дейді ол.

Бүгінде тоқыма өнері ескінің көзі іспетті. Тоқымашылар да саусақпен санарлық. Алайда, кәсіп бастап, табыс көзіне айналдырғандар бар. Солардың бірі – қала тұрғыны Ақжанар Несіпбек. Ол бала күнінен тоқыма тоқуды үйренді. Анасынан алаша, текемет басқанын, тігін тіккенін көріп өсті. Өзіне қажет сәнді киімдерді тоқып алатын. Мектеп қабырғасында да колөнермен айналысты. «Болашақ» университетіне оқуға түсіп, бағдарламашы мамандығын игерді. Білім ошағында жұмыс жасап та көрді. Бірақ, жаны қалаған колөнерден алыстамады. Бос уақытын тоқыма ісіне, тігіншілікке арнады. Шағын тігін цехтарында жұмыс жасады. Біраз тәжірибе жинақтап, нағыз маманға айналды. Қазір үйінің бір бөлмесін жұмыс орнына айналдырып отыр. Тоқылған киім-кешектерін әлеуметтік желіге жүктеп, тапсырыстар қабылдайды. Оның қолынан шыққан дүниелері көздің жауын алады. Әдемілікке жаны құмар қыз түстерді де ерекше үйлестіреді. – Бүгінде мемлекет тарапынан

Ақжанар бұл қаражатқа заманауи 2 тігін машинасы мен қажетті құрал-жабдықтарын алды. Жұмысы жеңілден, тапсырыстарын уақытында аяқтап жүр.

Қолым қалт етсе, қарап отырғым келмейді. Балаларыма киім тоқимын. Тапсырыстарды орындаймын. Қазір тоқылған алаша, кілем, құрақ көрпешелер мен бесік жабықтарына сұраныс жоғары. Себебі, көпшілік қолдан жасалған дүниелерге қызығады. Тоқыма тоқу – оңай шаруа емес. Көз майымды тауысып, күні-түні еңбек етуге тура келеді. Үнемі өзімді жетілдіріп отырамын. Қазір мүмкіндік көп. Интернеттен онлайн курстарға қатысамын, – дейді ісмер.

Шебердің алда жоспары көп. Жеке цех ашып, адамдарды тұрақты жұмыспен қамтуды армандайды.

ҚАЗЫНА

КІТАПТАҒЫ ҚОЛТАҢБА

Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында Сыр елінің тумасы, ақындық пен жазушылықты қатар алып жүріп, туындыларын ескелең ұрпаққа мұра етіп қалдырған Зейнолла Шүкіровка сөз өнері майталмандарының қолтаңба қалдырып, сыйға тартқан кітаптарын сақтаулы. Жылдар бойы музей қорында жатқан ақын-жазушылардың қолтаңбаларымен ұсынылған кітаптар бей-жай қалдырмады. Жазушылардың және Зейнолла атамыздың қолының табы тиген кітаптар көп сырды бүгіп жатқаны анық.

Зейнолла Шүкіровка сыйға тартқан уақытта мұқабасына: «Қадірлі достым Зейкемі! Тылсымдап қазып ой кеңін, Тапқаным осы қайтемім. Өзіңе деген таусылмас құрмет, игі тілекпен Қабдыкәрім Ыдырысов. Алматы, 18.06.1972. P.S. Редакторым арнауларға қырғидай тиіпті. 130-беттегі өзіңе деген өлеңнің арнауы да, солай құрбан болған. Қ.Б.» деп жазыпты. Қабдыкәрім мен Зейнолла

құрдас, аралары бір-ақ жас. Қолтаңбадан қазақ әдебиеті қырандарының өмірде достық қарым-қатынаста болғандығын байқауға болады. «Зейкемім» деп жакын тартқан, «шын ақынға кара сөзден өлең оңай» демекші, қолтаңбаны өзін ұйқасқа құрған. Таңқаларлығы, ағасы Мұзафар Әлімбаев та, досы Қабдыкәрім Ыдырысов та Зейноллаға арнау жазған. Ол – Зейнолланың азаматтығы мен ақындығына деген құрмет, мықтыны мойындау.

Халық жазушысы, ақын Қуандық Шаңғытбаев 1968 жылы Алматы қаласының «Жазушы» баспасынан шыққан «Аққу әні» атты кітабын Зейнолла Шүкіровка сыйлағанда мұқабаның ішкі бетіне былай деп жазады: «Бауырым, досым Зейноллаға – менен, өзіңнің Қуандығыңнан – біздікіңде болған күнді ұмытпауың үшін! Сен үшін! Өлеңің мен өмірің үшін. Алматы, 02.08.70». Қолтаңбаның «бауырым, досым» деп басталуы екі жазушының мызғымас берік байланысын білдіреді. Жазушы сөзінен Зейнолланың Ақтөбе топырағында болып, Қуандық досының Зейнолла Шүкіровті қонақ ретінде күткендігін байқауға болады.

Зейнолла Шүкіровтің тағдыры – аяулы азаматтың, күрескердің тағдыры. Көзі тірісінде көркем шығармалардың бас қаһарманы атанған ақынның, талайдың талабын қолдап, талантты ашқан ұстаз аға тағдыры!

Әйгерім БЕКҚҰЛIEBA, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

СӨЗ СЫРЫ

Қағанақ пен сағанақ

Қағанақ дегеніміз – адам баласының, мал төлінің үйі, яғни, өніп-өскен қабы. Қағанағын жарды деп нақ қазір бұзаулаған сиырды айтады. «Қағанағымды жарып шыққан балам ғой, қағанағымды жарып шыққан жалғызым ғой» деп ана айтады.

Қарық болу – жарылқану, кенелу, тойыну. Қарық болу деп кейде суга кеткен, кеме, қайық апатына ұшырағандарға да айтылады. Олжалы болғанда, егін бітік шыққанда, мал төлді болған жылдарда да қарық болып жатырмыз делінеді. Бұл – «қарық болу» сөзінің әртүрлі мәндегі қолданысы.

Ал қағанағы қарық болу дегеніміз – жарылған бала қабынан ақтарылған су, баланың өніп-өсуіне қажетті сұйықтың төгілуі. Қағанағы қарық деп аман-есен босанған ананың қуанышқа кенелгенін сипаттайды.

Ал сағанақ дегеніміз – киіз үйдің керегесін тұйықтайтын шыбық. Киіз үй сүйегінің негізгі қаңқасы – кереге. Эр үй бірнеше керегеден тұрады. Оларды жеке-жеке қанат деп атайды. Кереге сағнаы байланысты киіз үй төрт қанатты, алты қанатты, сегіз, он екі, жиырма төрт қанатты деп аталады.

Эр қанат бөлшектерінің өз атауы бар. Керегені құрайтын таяқшаларды керегенің шыбығы дейді. Шыбықтарды бір-біріне бекітетін қайысты көк, керегеніңкөггі деп атайды. Шыбықтардыңайқасқан аралығындағы тор керегенің көзі делінеді. Барлық киіз үй керегелерінің (қанатының) ені бірдей болмайды. Ол керегенің неше басты екендігіне байланысты. Эрбір екі шыбықтың айқасқан жоғарғы қосылысын керегенің басы дейді. Бұған уықтың аяғы бекітіледі. Керегенің басы (жоғарғы жағы) сыртқа қарай сәл қайқы, ал аяғы тік болады.

Қанаттың (керегенің) екі шетінде ғана болатын ең қысқа екі шыбығы болады. Керегенің эр қанаты осындай төрт қысқа шыбықпен тұйықталып отырады. Қанаттың екі шетінде екеуі жоғары, екеуі төмен тұратын осы төрт қысқа шыбықты сағанақ деп атайды.



Сағанақ – қанаттың созылып, жиналуына және үй тіккенде керегелерді бір-бірімен, ең шеткі есік босағаларымен жымдасуына аса қажетті тетік.

«Айналайын, бауырым Зейнолла! Мынау ұзақ жылдардың терілген дәні дегенім (қауызы да бар шығар). Оқып көресің. Өзің жайында ұлғайтып айтуға келесіге кітапқа кідірте тұрдым. Ғұмыр жолы ұзақ болса, жырдың жолы қысқармас. Өз ағаң Мұзафар. 16.4.75.»

Бұл – қазақ жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың «Қалам қайраты» атты кітабын Зейнолла Шүкіровка сыйларда мұқабаның ішкі бетіне қалдырған жазба мәтіні.

Мұзафар Әлімбаев пен Зейнолла Шүкіров шығармашылықпен бір уақытта айналысқан. Кітапты тек оқуға сыйлап қана қоймай, Зейнолланың өзі туралы шығарма жазғысы келетінін, келесі кітапқа қалдырғанын баса айтады, яғни, Зейнолла Шүкіровтің өмірі мен сөз өнерінде жүрген жолы Мұзафар Әлімбаев үшін жақсы шығармаға арқау боларлық тақырып саналатынын байқауға болады. Қолтаңбадан ағалық қамқорлық, бауырмашылық сезіледі.

Ақын Қабдыкәрім Ыдырысов «Жолыққан жолдар» кітабын



www.facebook.com/syrboyi.kz
Menşik іесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
кабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
кабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)
Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.